

кабылдағышына қайтарылады, ал су өнеркәсіптік канализацияға жіберіледі және тазартуға беріледі.

1.3. Мұнайдың ілеспе газдары мен газ-конденсатты өңдеу

Мұнайдан бөлінетін газдарда және табиғи газдарда метаннан бастап гександы қоса алғанда, қаныққан көмірсутектер болады. Кәсіпшілік орындарынан табиғи және мұнайға ілеспе газдар газ өңдейтін (газ-бензинді) зауыттарға келіп түседі. Сонымен қатар, осы зауытқа газ-конденсатты кеніштердің газдары мен конденсаттары да келіп түседі.

Газ өңдеу зауытында газдар мен конденсатты өңдейтін төмендегідей операциялар жүргізіледі:

1) газдардан тұрақсыз бензинді – C_3 және одан жоғары көмірсутектерді бөлу (газды бензинсіздендіру);

2) бензинсізденген газды тұтынушыға дейін айдау үшін қажетті қысымға дейін қысу;

3) тұрақсыз бензинді жеке көмірсутектерге – пропан, изобутан, бутанға және тұрақты бензинге бөлу.

Газ өңдеу зауыттарында сонымен қатар, кептіргіш және газдарды күкіртсутектен тазартатын қондырғылар бар. Мұнай кәсіпшілік орнында стационарлы және қозғалмалы газ өңдейтін зауыттар (ГӨЗ) салынады. Қозғалмалы ГӨЗ өнімділігі тәулігіне 40-100 мың m^3 газ болады, оның жабдықтары салазкарларда немесе платформаларда орнатылады.

Газ өңдейтін зауыт шикізаты мен өнімдерінің шамамен сипаттамасы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Газ өңдейтін зауыт шикізаты мен өнімдерінің құрамы
[%(масс)]

Атауы	CO ₂	N ₂	CH ₄	C ₂ H ₆	C ₃ H ₈	изо- C ₄ H ₁₀	қ- C ₄ H ₁₀	изо- C ₅ H ₁₂	қ- C ₅ H ₁₂	C ₆ H ₁₄ және жоғары
Шикізат – ілеспе газ	1,1	3,8	21,2	28,0	29,8	3,2	7,4	1,5	2,0	2,0
Құрғақ бензинсізден- ген газ	2,2	7,6	35,9	32,6	17,2	1,2	2,5	0,4	0,4	-
Тұрақсыз газды бензин	-	-	7,4	24,6	40,8	5,1	12,2	2,0	4,0	3,9